

"Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 22 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37, 39-баптарына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-1-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, "Шымкент қаласының басқару схемасы туралы" 2018 жылғы 22 маусымдағы № 31/252-бс Шымкент қаласы мәслихатының шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Шымкент қаласының мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 14/128-VII шешіміне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережеге сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын барлық шараларды атқарсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А.Саттыбаев жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Әйтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы " " наурыздағы
№ қаулысына
қосымша

"Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) туризм қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомствалары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустрия басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұрсәт тұрғын үй алабы, "Nursultan Nazarbaev" даңғылы, 10 ғимарат, индекс 160023.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзіреті шегінде Шымкент қаласында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруға;

туризм саласын дамыту бойынша ұсыныстар енгізеді;

белгіленген тәртіпте республикалық, халықаралық және басқада туристік іс-шараларға қатысады;

Басқарма құзіретіне жататын мәселелері бойынша халықаралық ұйымдар және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізеді және келісімдер жасайды;

Шымкент қаласының туристік саласын дамыту бойынша қала әкімінің шешімдерінің, өкімдерінің, Шымкент қаласы әкімдігінің қаулы жобаларының және іс-шараларының жоспарын дайындауға қатысады.

2) Міндеттері:

туристік қызметтің дамуы үшін қолайлы жағдай жасау және сапалы туристік инфрақұрылымды құруға ықпал ету;

жақын және алыс шет елдермен, республиканың өңірлерімен туризм саласында өзара тиімді өңіраралық, интеграциялық қарым-қатынасты дамыту;

15. Функциялары:

1) Шымкент қаласы аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру;

2) туристік қызметтер көрсету нарығына талдау жасау және Шымкент қаласында туризмнің дамуы туралы қажетті мәліметтерді уәкілетті органға табыс ету;

3) Шымкент қаласында туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу;

4) Шымкент қаласы аумағында туристік индустрия объектілерін жоспарлау және салу жөніндегі қызметті үйлестіру;

5) балалар мен жастар лагерьлерінің, туристер бірлестіктерінің қызметіне жәрдем көрсету;

6) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға байланысты мәселелерде әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

7) халықты жұмыспен қамтуды ұлғайту шарасы ретінде туристік қызмет саласындағы кәсіпкерлікті дамыту және қолдау;

8) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру;

9) туристік ақпарат орталығын құру;

10) туроператорлық қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

11) гидті кәсіптік даярлауды ұйымдастыру;

12) уәкілетті органмен келісу бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;

13) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;

14) Шымкент қаласы аумағында туризм инфрақұрылымын құру, туристің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын объектілерді салу мен дамыту бойынша шаралар қабылдау;

15) туризмді дамытуда туристік қызмет субъектілері үшін жағдайлар жасау;

16) туризм саласындағы бірлескен қызметті іске асыру шеңберінде тікелей шарт жасасу арқылы туристік ақпараттық орталықтарды қаржыландыру;

17) туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу;

18) уәкілетті органмен келісу бойынша күтіп-ұсталуы кезіндегі шығындардың бір бөлігі өтелетін санитариялық-гигиеналық тораптардың тізбелерін бекіту;

19) елді мекендерден тыс жердегі туристерді орналастыру орындарына дейін қалалық және аудандық маңызы бар кірме автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

20) кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу;

21) кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау;

22) туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу;

23) қала аумағының және басымды туристік нысандардың туристификация жүргізуін ұйымдастыру, оның ішінде, тиісті аумақ пен нысандардың мастер-жоспарларының әзірлеуін қамтамасыз ету;

24) туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу;

25) туризм объектілеріне түгендеуді жүргізу және жаңа туристік нысанды қалыптастыру, электрондық деректер базасын құру және жаңарту;

26) туризм саласына жаңа цифрлық технологияларды енгізу жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;

27) қаланың туристік тартымдылығын арттыру мақсатында ақпараттық дүңгіршек, инфрақұрылымдық нысандар, инсталляциялар, құрылыстар және тағы басқа орнату;

28) мамандандырылған түрлі туристік іс-шаралырын (фестивальдар, форумдар, көрмелер және тағы басқа) өтуін ұйымдастыру;

29) сыртқы байланыс саласы бойынша бақылауда тұрған жоғары органдардан келген нормативтік-құқықтық актілердің, бұйрықтар мен тапсырмалардың уақтылы, сапалы орындалуын ұйымдастыру;

30) халықаралық және шетелдік ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған іс-шараларды жоспарлау және іске асыру;

31) халықаралық қатынастарды ары қарай дамыту мақсатында ұсыныстар енгізу;

32) дипломатиялық корпустың, ресми шетелдік делегациялардың, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың өкілдерінің қала әкімдігінің басшылығымен өтетін іскерлік кездесулер және хаттамалық іс-шараларды дайындау, ұйымдастырып өткізу;

33) қала әкімінің қатысуымен өткізілетін шетелдік іссапарларды, жұмыс сапарларын және өзге де халықаралық іс-шаралар жоспарын жасау;

34) қала әкімінің қатысуымен өткізілетін шетелдік іссапарларды, жұмыс сапарларын және өзге де халықаралық іс-шаралардың бағдарламасын әзірлеу;

35) хаттамалық-ұйымдастыру шараларын қадағалау, қала делегациясының құрамын қалыптастыру, талдамалық және презентациялық материалдардың дайындық жұмысын қадағалау және ұйымдастыру;

36) Шымкент қаласы әкімдігінде шетелдік делегациямен, дипломатиялық корпустың басшыларымен, халықаралық ұйымдар өкілдерімен өтетін кездесулерге қажетті ақпараттық құжаттар мен стратегиялық талдаулардың толық пакетін дайындау және қадағалау;

37) сыртқы байланыстар мәселелері бойынша форумдар, көрмелер, кеңестер және семинарлар, "дөңгелек үстелдер" ұйымдастыру, өткізу және қатысу;

38) жақын және алыс шетелдермен өзара ынтымақтастық орнату бойынша екіжақты келісімдер, хаттамалар мен ынтымақтастық меморандум жобаларын жасау;

39) шекаралық ынтымақтастықты, жақын және алыс шетелдермен аймақтың аймақаралық және интеграциялық байланыстарды дамыту және нығайту;

40) сыртқы байланыстар мәселелері бойынша әкімдік қаулыларының, қала әкімі шешімдері мен өкімдерінің орындалуын қадағалау;

41) екіжақты өтетін кездесулерге, жиналыстарға, видеоконференциялар мен басқа да іс-шараларды өткізу бойынша дайындықты қадағалау (микрофон, жарық, дыбыс, техникалық құрылғылардың жұмысына тексеру жүргізу);

42) хаттамалық-ұйымдастырушылық құжаттардың уақтылы тапсырылуын қадағалау (бағдарлама, күн тәртібі, тізім, отыру тәртібі және тағы басқа);

43) қала әкімдігінің жоспарланған баратын нысандарының хаттамалық талаптар бойынша сәйкестігін тексеру, орын алған сәйкес еместіктерді жоюға нұсқамалар беру;

44) өз құзіреті шегінде шетелдік хаттамалық қызметімен, Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдерімен, халықаралық ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар өкілдерімен және қоғамдық ұйымдармен хаттамалық- ұйымдастыру жұмысының мәселесін шешу үшін өзара қарым-қатынаста болу;

45) Өкілдік шығындарды (өкілдік санаттағы жеңіл автомобильдерді жалға алу, шетелдік өкілдерге арналған кәдесый өнімдерін сатып алу, аудармашы қызметі, қонақ үймен қамтамсыз ету, түскі ас, кешкі ас шығындары, әуежай күту залдарының қызметтері) өтеу.

3-тарау. Мемлекеттік органның басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Басқарманы басқаруды басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Басқарма басшысының штаттық кестеге сәйкес орынбасарлары жоқ.

19. Басқарманың басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес Басқарма қызметшілерін, сондай-ақ, қарамағындағы ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

3) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес Басқарма қызметшілерінің, Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың басшыларының міндеттері мен уәкілеттіктерін анықтайды ;

4) Басқарманың жұмыс жоспарларын бекітеді;

5) Басқарманың атынан әрекет етеді;

6) сенімхаттар береді;

7) өз уәкілеттігі шегінде барлық Басқарма қызметшілеріне және қарамағындағы ұйымдардың басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды және нұсқаулар береді;

8) Басқарма қызметшілеріне, қарамағындағы ұйымдардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сыйақы шараларын белгілейді және тәртіптік жаза қолдана алады;

9) Басқарманың ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

10) Басқармада "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

11) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының орындалуына дербес жауапты болады;

13) Басқарманың қарамағындағы бағынысты мемлекеттік мекемесінің жылдық қаржылық есебін бекітеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Басқарманың басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4 тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Басқарма заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5 тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

"Шымкент қаласының туризм, сыртқы байланыстар және креативті индустри басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Visit Shymkent" туристік ақпараттық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.